

Рухани жаңғыру: ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру

Ағымдағы жылғы 29 қарашада Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Рухани жаңғыру: ескіні жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сана мен рухани құндылықтарды қайта жаңғырту тұрғысынан қандай міндеттер тұрғанын айқындап берді. Қоғамның рухани жаңғыруы елдің саяси-экономикалық реформалар мен трансформациялануы тұрғысынан мемлекеттің үлкен жетістікпен ілгерілеу кезеңінің талабы болып табылады. Байырғы салт негізінде қалыптасқан таным-түсінік пен ой толғау үлгісін ешқандай өзгеріссіз сақтай отырып, прогрестік дамудың даңғыл жолына түсу мүмкін емес. Сондықтан да, барлық бағыттағы даму көзқарасының түйінін ескіні – жаңамен, дәстүрді инновациямен сабақтастыру мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Қазіргідей заманауи әлемде соны білімге иелік етіп, сонымен жарақтанған адам ғана өзгелерден бір бас жоғары тұратындығы, бәсекеге қабілетті бола алатындығы бәрімізге белгілі.

Дөңгелек үстел жұмысында университетіміздің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры А.Ұ.Сұлтанов сөз сөйлеп, қатысушыларды келе жатқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтап, сәттілік тіледі. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры Т.Х.Рыскалиев Тәуелсіздік тұсында толағай табыстарымыздың бәрі Елбасының айтарлықтай еңбегі екенін, бұған сыртта да, іште де ешкім шүбә келтіре алмайтынын өзінің баяндамасында түсіндірді. Байтақ даламыздың әрбір сүйем жері, қасиет тұнған тарихи орындары туралы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, география ғылымдарының кандидаты Қ.М.Ахмеденов әсерлі де,

қызықты баяндады.

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музей меңгерушісі Н.Ж.Төлепов шынайы патриотизмнің белгісі-Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне атсалысу екенін өзінің «Туған жердің мұрасы» атты баяндамасында ерекше атап өтті. Дөңгелек үстел барысында сөз алған университетіміздегі коммерциализациялау кеңесінің жетекшісі, экономика ғылымдарының кандидаты Г.А.Айешева бүгінгі таңда мемлекет пен экономиканың дамуының басты басымдығы инновациялық әдістер мен ғылым мен бизнес арасында байланыс орнатуға инновациялық белсенділікті орнату керектігі туралы айтты.

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент В.А.Есенғалиева Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қозғалған бағыттарды кенінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат екенін түсіндірді. Аға оқытушылар Г.С.Саркулова мен Г.М.Хайруллиналар Н.Ә.Назарбаевтың еңбектері туралы, ондағы ел мен жердің тарихы және тағдыры, әлемнің және қоғамның дамуы, жас буынның алдында тұрған келелі міндеттер туралы айтылғандарын әсерлі түсіндірді.

Қазақ елінің кешегісін бүгінге, бүгінін болашаққа жалғауды мұрат етер рухани жаңғыру хақындағы Елбасы ұстанымы, сөз жоқ, ұлт көсегесін көгерту мен ұрпақ санасын тәрбиелеудің өрісті, де өркенді жолы.

Гүлмира ХАЙРУЛЛИНА,

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы